



*Ақан сері*

**1843-1913**



Ақан 1843 жылы Көкшетау облысы Айыртау ауданында Қоскөл деген жерде туған.

Ол он үш жасқа келгенше Күнту деген молдадан мұсылманша оқыған. Бірақ сезімтал, сергек ойлы, ұғымтал балаға молданың оқуы ұнамайды. Кейін Қызылжарда Уәли медресесінде 2-3 жылдай дәріс алады. Жасынан өлең айтып, домбыра тартып, ән шығарумен шұғылданған Ақанның серілік өмірі басталады. Ел мұңын жоқтап, жүрген жерлері думанға айналған. Ақан сері Балуан Шолақ, Жаяу Мұса, Естай, Иман Жүсіп, Құлтума сынды атақты сал серілермен жақын қарым-қатынаста болған. Ит жүгіртіп, құс салып аңшылық құрған. Алғыр қыран құс, жүйрік тазы ұстаған. Кейін Құлагер сияқты жүйрік атқа ие болған.

Өмір соққысын көрген Ақан сері енді:  
“Жақсылықтан жамандық асып кетті, Бой бағып тұру  
артық келсе шамаң” дейді.

Ел аралауды сиретіп, бойын бағуды ойлайды.  
Жайлауға көшпей, Ыбан екеуі қыстауда қалады.  
Дұшпандары оны әр саққа жүгіртіп өсек таратады.  
Бірақ Ақан сері өмірден де, өнерден де қол үзбейді.  
“Өнерді бойға біткен іркіп болмас” деп қарайды. Осы  
тұстағы ән-өлеңдерінің елеулісі — “Балқадиша”. Бұл  
— өз теңіне атастырылған әдепті, сыпайы қыздың  
өнерлі ағаны қадір тұтқан сүйкімді қылығына разы  
ағалық қарыздар көңілден туған ән.

- Ақансері ақын-әнші ғана емес, саңлақ аңшы, мықты атбегі де.

Ақынның сүйікті досына, қимас өмірлік серігіне айналған сәйгүлігі мен қыран құстарына арналған “Маңмаңгер”, “Қараторғай”, “Көкжендет”, “Құлагер” әндерінде Ақан серінің ішкі жан дүниесіндегі бұрқаныс, қан жылаған жүрек, телегей теңіз мұң мөймілдеп тұрғандай. Ақан сері басындағы трагедиялық күй кез келген жүректі толқытады. Әсіресе “Құлагердегі” экспрессивті интонация, толқыған мұңлы әуен, драмаға суарылған қайғылы оқиға шынайылығымен баурайды. Ән ақын өмірінің трагедиялық сәтін бейнелеумен қатар, сол қоғамдағы өнер адамдарының тағдырын қамти отырып, өзі өмір сүрген қоғамның әділетсіз бет-бейнесін ашады. Ақан серінің музыка туындылары қазақ өнерінің өркендеуіне зор ықпалын тигізді.

- 90 жылдардағы Ақан сері шығармашылығында айтыс едәуір орын алды. Ақан серінің алғашқы айтыс-қағыс өлеңдерінің бірі — “Жүсіп төреге” (Тәкінің Жүсібіне қайтарған жауап өлеңі). Орынбай, Нүркей тағы басқа он шақты ақынмен айтыстарының үзінділері ғана сақталған. Толығырағы — Нұрқожамен айтысы. Онда Ақан сері ел-жұртты тірек тұтады (“Хақ қалаған Есенбай қарашамын, Алтын бесік халқыма жарасамын”), ақындық өнерді қадірлейді, туған жерді, халықты мақтан етеді.

- Ақанның «Балқадиша» әні барлығымызға жақсы таныс. Тіпті қазіргі таңдағы қазақ эстрадасындағы мағыналы, әсерлі әндердің бірі десек болады. Негізі бұл ән 90 шумақтан құралған деген мәлімет бар. Алайда әннің түпнұсқасы бізге жеткен жоқ. Әннің шығу тарихына байланысты да көптеген дерек бар. Біз тек соның біреуін ұсынамыз. Ақан ел аралап жүріп, Ыбырайдың қызы Балқадишаны кездестіреді. Ақылына көркі сай сұлу да сымбатты қызды ұнатып, оны өзінің қасынан жібергісі келмейді. Алайда қыздың жеңгесі қайтайық деп, қыз екі оттың ортасында қалады. Оны байқаған сезімтал Ақан:
  - Дегенде Балқадиша, Балқадиша
  - Есілді өрлей біткен тал Қадиша
  - Жеңгеңіз қайталық деп асығып тұр,  
Рұқсат бізден сізге бар, Қадиша, - деп өлеңмен өзі қимаса да рұқсат беретінін білдіреді. Ақандай сері жігіт пен кербез сұлудың қимастықпен қоштасқаны осылай суреттеледі.

Ақан серінің сыршыл сезімге толы әндерінің бірі – «Маңмаңгер». Ақанның ат баптағаны туралы жоғарыда айтып өттік. Ақан қашанда астындағы атымен сырлас, мұңдас болған. Адам баласына айтпаған ішкі сырын астындағы Құлагеріне айтқан. Сол атымен сырласа отырып, ғашық болған қалқасына бара жатқанда шығарған әні. Бұл әннің мән-маңызы өте зор. Өлеңдегі өткір жолдар, тамаша теңеулер Ақанның адами сезімін, қасиеттерін білдіріп тұр. Кейінгі ұрпаққа берер тәлім-тәрбиесі де мол. Әннің алғашқы орындаушысы - Қайрат Байбосынов.

- Ол қазақтың ұлттық өнерін кәсіби биікке көтеріп, дәстүрлі өнердің классикалық үлгісін жасады. Елуге жуық музыкалық мұрасы қазақ мәдениетінің алтын қорына енді. Оның шығармаларын белгілі әншілер Әміре Қашаубаев, Жүсіпбек [Елебеков](#), [Манарбек Ержанов](#), [Жәнібек Кәрменов](#), т.б. ел игілігіне айналдырды. Қазақстан композиторларының симфониялық және опералық шығармаларына кеңінен енгізіліп, Ақан әндері екінші өмірін бастады. Серінің өмірі мен тағдыры туралы [Ілияс Жансүгіров](#) «[Құлагер](#)» поэмасын, [Ғабит Мүсірепов](#) «[Ақан сері – Ақтоқты](#)» драмасын, Сыдық Мұхамеджанов осы аттас операсын, Сәкен Жүнісов «Ақан сері» романын жазды. [Әуезов](#) «*Қазақ халқының эпосы мен фольклоры*» атты зерттеу еңбегінде Ақан серінің ақындық өнерін жоғары бағалап, оның жел жетпес жүйрігіне арнаған «[Құлагер](#)», қыран бүркітіне арнаған «*Көк жендет*» әндерін жоқтау өлеңіне жатқызған





- **Ақан серінің** өмір шындығын үлкен суреткерлікпен жырлаған заманының асқақ ақыны ғана емес, мұңшыл да сыршыл, әншілік-орындаушылық өнерімен танылған өзгеше дарын иесі. Оның композиторлығы ақындығынан кем түспейді. «Ақан сері» атанып, кезінде жұртшылыққа кең танылуы, атақ, даңқының шар-тарапқа жетуі – әншілік-композиторлық өнерінің жемісі. Ол жас кезінде айналасына әнші-күйші жастарды жинап, өзгеше бір өнерлі топ болып ел аралады. [Балуан шолақ](#), [Жаяу Мұса](#), [Естай](#), [Иман Жүсіп](#), [Құлтұма](#) сияқты атақты ақын-әншілер Ақанның ән жақын

• Ақан сері кім?



Ақы  
н

Ән  
і

Комозито  
р

Қай өленен  
үзінді?

# Құлагер

Жел соқса, қамыс басы майда  
деймін, Атыңды, ат айдаушы,  
айда деймін. Алдыңғы ат  
баран болмай, қылаң болды,

Ақан серінің алғашқы айтыс-қағыс  
өлеңдерінің бірі?

“Жүсіп төреге”

Қобыздың үнін мұқият тыңдап,  
қай өлеңді ойнап жатқанын ата?



Ақан сері қазақтың ұлттық өнерін кәсіби биікке көтеріп, дәстүрлі өнердің классикалық үлгісін жасады. Елуге жуық музыкалық мұрасы қазақ мәдениетінің алтын қорына енді. Оның шығармаларын Әміре Қашаубаев, Жүсіпбек Елебеков, Манарбек Ержанов секілді дарынды әншілер ел игілігіне айналдырды.



**Назарларыңызға  
рахмет!!!**